

Андатпа

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы: «К-300-240ЛМЗ блоктарымен 1800 МВт конденсатор электр станциясының құрылысының технико-экономикалық негіздемесі». Жұмыста жобаның өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ елдегі энергетикалық сектордың жағдайы және осы жобаны іске асырудың негізгі алғышарттары қысқаша сипатталған кіріспе бар. К-300-240ЛМЗ турбинасының сипаттамасы, жылу тізбегінің есебі, h-s диаграммасы, регенеративті жылытқыштардың жылу баланстарының теңдеулерінен пропорциялардың анықталуы, қондырғының негізгі және көмекші жабдықтарының таңдауы берілген. Негізгі цикл сорғыларына жиілік түрлендіргіштерін орнату кезінде экономикалық тиімділікті бағалауды қамтитын арнайы сұрақ ұсынылған. Омір қауіпсіздігі бөліміндегі мәселелер мыналарды қамтиды: станциядағы жұмыс жағдайларын талдау, шу мен жарықтандыруды есептеу. Экономикалық бөлімде құрылыстағы капиталды салымдардың орындылығы, ұсынылған жобаның құны және инвестициялық көрсеткіштері есептеулер бар.